

**«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Әліпұлы Еріктің «Қазақстан Республикасындағы тасымалдаудың жекелеген түрлерін құқықтық реттеу: ұлттық
және халықаралық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|----------|---|--|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық Даму Жоспарына сәйкес келеді. Сонымен қатар диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 1116 «Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысына және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес келеді.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның | Диссертациялық жұмыс құқықтық ғылымның дамуына, сондай-ақ көлік құқығы саласындағы құқықтық нормаларды қолдану тәжірибесіне маңызды үлес қосады. |

| | | | |
|----|----------------------|---|---|
| | | маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Бұл көлік қатынастарының әртүрлі түрлерін реттейтін заңнаманы және оның халықаралық стандарттар мен шарттарға сәйкестігін терең талдауға ықпал етеді. Зерттеу тасымалдаудың жекелеген түрлерін реттейтін, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік актілеріне жан-жақты талдау жасайды. Диссертациялық жұмыс ғылымға <u>елеулі үлес қосады</u> және оның <u>маңыздылығын толығымен ашады.</u> |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | Диссертант зерттеу жұмысын жазу барысында өзі жазу деңгейінің <u>жоғары деңгейін</u> көрсетті. Автор қазақстандық заңнаманы халықаралық құқықтық актілермен және оларды басқа мемлекеттерде қолдану тәжірибесімен салыстырады, бұл ұлттық көлік құқығын жетілдірудің әлеуетті бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | Диссертация қолданыстағы заңнамалық актілерді өзгерту және толықтыру бойынша ұсыныстарды қамтиды, бұл көлік тасымалы саласындағы құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға әкелуі мүмкін. Тасымалдауды дұрыс құқықтық реттеу ел экономикасы үшін маңызды, өйткені көлік инфрақұрылымы ішкі және халықаралық сауданың негізі болып табылады. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жұмыста <u>тиісті негізделген.</u> |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды | Диссертация құқықтық ғылымға елеулі үлес болып табылады және көлік саласын дамытуға бағытталған маңызды қолданбалы маңызы бар, бұл Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететіні сөзсіз. Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <u>толықтай айқындайды.</u> Диссертация |

| | | |
|----|--|--|
| | | кіріспеден, үш тараудан, сегіз тараушадан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. |
| | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | Диссертантпен қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына <u>сәйкес келеді</u> . Диссертант диссертациялық жұмыстың мақсатын қазіргі заманғы талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкестігін айқындау үшін Қазақстан Республикасының тасымалдау саласындағы қолданыстағы заңнамасын талдау және бағалау, сондай-ақ көлік тасымалдарын құқықтық реттеу саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу және оны қазақстандық контексте бейімдеу арқылы тасымалдаудың жекелеген түрлерін реттеу бөлігінде ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде жақсы ұсыныстар енгізеді. |
| | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | «Қазақстан Республикасындағы тасымалдаудың жекелеген түрлерін құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда <u>толық байланысқан</u> . |
| | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Диссертант ұсынған жаңа тұжырымдар толықтай дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Диссертация Қазақстан Республикасында көлік тасымалдарын құқықтық реттеудің өзекті міндеттерін шешуге бағытталған және осы саланың дамуына елеулі үлес қосуға бағытталған, <u>сыни талдау</u> көрініс тапты. |
| 5. | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? | Тасымалдаудың жекелеген түрлерін реттеу бөлігінде ұлттық заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен |

| | | | |
|----|--|--|---|
| | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | тұжырымдар өзекті әрі жаңа. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттары <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. |
| | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? | <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | Диссертант Қазақстан Республикасындағы тасымалдаудың жекелеген түрлерін құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері тақырыбында жан-жақты зерттеу жүргізіп, сәйкесінше қорытындылар ұсынды. Диссертациялық жұмыста сипатталған қорытындылар <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. |
| | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа және негізделген</u> болып табылады. Осы шешімдер Қазақстан Республикасындағы тасымалдаудағы құқықтық реттеудің өзекті міндеттерін шешуге бағытталған және осы саланың дамуына арналған шешімдер толығымен жаңа және орнықты. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Диссертациялық жұмыс тасымалдаудың құқықтық реттелу жүйесін жақсарту бойынша тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділігі, олардың қолданбалы сипаты және заң шығару практикасында іске асыру мүмкіндігі жұмыстың маңыздылығын сипаттайды. Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген.</u> |

| | | | |
|----|--|---|---|
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> | <p>1) Тасымалдау қатынастарының даму кезеңдерін негізгі үш кезеңге бөлуге болады: Қазақстанның КСРО құрамында болу кезеңдегі дамуы; Тасымалдау қатынастарының Қазақстан Республикасының 1991-2000 жылдар аралығында даму кезеңі; 2000-қазіргі кезге дейінгі даму кезеңі;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; <u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> <p>2) Тасымалдау қатынастарының пайда болу негіздері бұл күрделі заңи құрам болып табылады. Бұл тасымалдау туралы шарттары және тараптар арасындағы жүк тасымалына байланысты қосымша өтініштің берілуі;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> |
|----|--|---|---|

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>3) Жүктерді тасымалдау міндеттемелеріне анықтама берілді. Жүктерді тасымалдау жөніндегі міндеттемелер-объектісі көлік құралын тиеу пунктіне беру, жүкті ұсыну және оны тиеу, көліктік және жүкке ілеспе құжаттарды ұсыну, жүкті жеткізу (көлік құралының сыйымдылығын беру) жөніндегі тасымалдауға қатысушылардың іс-қимылдары болып табылатын, жүктерді тасымалдауға тапсырыс беруші мен тасымалдаушысы арасында туындайтын шарттық азаматтық-құқықтық міндеттемелер;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;</p> |
|--|--|--|---|

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | <p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>4) Жүктерді тасымалдау шарттары жүктерді тасымалдауды орындау және ұйымдастыруға бағытталған шарттар жүйесінің маңызды элементі. Жүктерді тасымалдау шарттары жүктерді тасымалдауды орындау және ұйымдастыруға бағытталған шарттар жүйесінің элементі дегеніміз осы бағыттағы азаматтық-құқықтық шарттармен өзара қызметтік байланысты қажетті компонент болып табылатын азаматтық-құқықтық институт;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;</p> |
|--|--|--|--|

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> <p>5) Контрагенттің тасымалдау ақысын төлеуге қатысты шарттың талаптарын бұзған кезде, тасымалдаушы тасымалданатын жүкке қатысты өзінің кепіл құқығын міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде жүзеге асыра алады; 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u></p> |
|--|--|--|---|

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>6) Жүк тасымалдары саласындағы ұлттық заңнаманы халықаралық заңнамамен үйлестірудің қажеттілігі дәлелденді;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p> |
|--|--|--|--|

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>7) Жүк тасымалының жекелеген түрлерін реттеудің құқықтық рөлін, қағидасын бекітудің мақсаттығылығы көрсетілді;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>8) Жүктерді тасымалдау шарттарының жасалуы тараптардың құжатқа қол қоюына негізделмейді, шарттың мәнді талаптары анықталған жүк жөнелтушінің өтінімі мен көлік ілеспе жүкқұжат негізінде;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> |
|--|--|--|---|

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | <p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> <p>9) Жүктерді тасымалдау бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін заңнамада бекітілген және құқық қолдану практикасында қалыптасқан жауапкершілік жағдайларын жіктеу. Жіктеу келесі критерийлердің жиынтығына негізделген: міндеттемелерді бұзған тарапқа байланысты – тасымалдаушысы немесе жүк тасымалдарына тапсырыс берушінің жауапкершілігі; міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кездегі жауапкершілік; тасымалдау кезеңі-тиеу, межелі жерге бару немесе түсіру үдерісінде пайда болатын жауапкершілік; жүктің сақталуын қамтамасыз етпеу, міндеттемелерді орындау мерзімдерін сақтамау немесе өзге де құқықбұзушылықтан туындайтын жауапкершілік. Жауапкершіліктің неғұрлым типтік жағдайлары төрт</p> |
|--|--|--|--|

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>топқа біріктірілген: көлік құралын бермеу және берілген көлік құралын пайдаланбау үшін жауапкершілік – көлік құралын бермеу (шарт талаптарына сәйкес келмейтін немесе тиісті жүкті тасымалдауға жарамсыз көлік құралын беру); жүкті ұсынбау (шарт талаптарына сәйкес келмейтін немесе тасымалдауға дайын емес жүкті ұсыну); тасымалдау бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік – жүк тиеу пунктіне көлік құралын берудің кешіктірілуі; жүкті жеткізудің кешіктірілуі; тұрақ орнында, тиеуде, жүру жолында, түсіруде шартқа сәйкес келмейтін көлік құралы; тасымалдау ақысын енгізудің кешіктірілуі; жүктің сақталмағаны үшін жауапкершілік – жүктің жоғалуы, жетіспеуі, бүлінуі; көлік құжаттарын дұрыс толтырмағаны, жүк ілеспе құжаттарды ұсынбағаны немесе дұрыс ресімдемегені, кедендік және өзге де құжаттарды ресімдеу үшін қажетті мәліметтерді ұсынбағаны; көлік немесе жүк ілеспе құжаттарын жоғалтқаны (тиісінше пайдаланбағаны) үшін жауаптылық; тапсырыс берушінің нұсқауларынан ауытқуымен (түсіру орны туралы, қайта жіберу туралы) байланысты жауапкершілік.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; <u>2) жоқ</u></p> |
|--|--|---|

| | | | |
|----|---|---|--|
| | | | <p>7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p> |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Диссертация жазу кезінде диссертант көлікті құқықтық реттеуге қатысты құқықтық теорияларды, тұжырымдамалар мен тәсілдерді зерттеп, талдады. Диссертан азаматтық, әкімшілік және халықаралық құқықтың жалпы ережелері аясында көлік құқығын, тасымалдаудың құқықтық реттелуін тиісті деңгейде зерттеуге қажетті әдіснаманы негіздеп таңдаған, әдіснама <u>нақты және толық</u> жазылған.</p> |
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Диссертант зерттеу барысында заманауи отандық және шетелдік технологиялар мен ғылыми зерттеу әдістерін қолданды. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау <u>әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</u></p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|--|---|
| | | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Әліпұлы Еріктің диссертациялық жұмысында теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен <u>дәлелденген және расталған</u>.</p> |
| | | <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> | <p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында диссертант 102 әдебиеттер тізімін қолданды. Барлық қорытындылар мен маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u>.</p> |
| | | <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> | <p>Зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу жұмысын толық және жан-жақты зерттеуге <u>жеткілікті</u>. Диссертациялық жұмыс ұлттық заңнаманы халықаралық шарттармен және стандарттармен үйлестіруге, Қазақстанның басқа мемлекеттермен халықаралық көлік байланыстары мен ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етуге бағытталған және осы мақсатта зерттеуге жеткілікті 102 әдебиет көзі пайдаланылды.</p> |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Диссертациялық жұмыс қолданыстағы заңнамадағы олқылықтар мен қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді, бұл оларды жою және тасымалдауды құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін негіз болып табылады. Сондықтан да диссертациялық жұмыстың <u>теориялық маңыздылығы бар</u>. Диссертация</p> |

| | | | |
|-----|---------------------------|---|---|
| | | | көлік құқығы саласындағы құқықтық доктринаны қалыптастыруға немесе нақтылауға ықпал етеді, бұл заңнама мен құқық қолдану практикасын одан әрі дамыту үшін маңызды болуы мүмкін. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ | Диссертациялық жұмыс ұлттық заңнаманы халықаралық шарттармен және стандарттармен үйлестіруге, Қазақстанның басқа мемлекеттермен халықаралық көлік байланыстары мен ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етуі мүмкін. Диссертацияның материалдары мен қорытындылары оқу процесінде құқық, көлік және логистика саласындағы мамандарды даярлауда, сондай-ақ қазіргі мамандардың біліктілігін арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Диссертацияның практикалық <u>маңызы бар</u> және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі <u>жоғары</u> . |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы жүктерді тасымалдау туралы заңнаманың мазмұны мен құрылымын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарда көрінеді. Зерттеу нәтижелері жүктерді тасымалдауды құқықтық реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық қызметтің негізі, сондай-ақ құқық қолдану қызметін оңтайландырудың пайдалы құралы бола алады. Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Диссертациялық жұмыста барлық қажетті академиялық стандарттар мен форматтау, дәйексөздер мен сілтемелерге қойылатын талаптар орындалды. Диссертацияның академиялық тілі ресми және нақты, грамматикалық, пунктуациялық және стилистикалық қателіктерсіз. Автор сенімді дәлелдер мен логиканы |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>қолдана отырып, өз ережелерін сыни тұрғыдан талдауға және күшті дәлелдеуге қабілеттілігін көрсетті. Диссертациялық жұмыста <u>академиялық жазу сапасы жоғары.</u></p> |
|--|--|--|---|

Әліпұлы Еріктің «Қазақстан Республикасындағы тасымалдаудың жекелеген түрлерін құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» тақырыбындағы диссертациясы жоғары мазмұнды жазылған, ғылыми деңгейде орындалған.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келеді.

Әліпұлы Еріктің «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша «Қазақстан Республикасындағы тасымалдаудың жекелеген түрлерін құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері» атты диссертациясы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің
 Әлеуметтік ғылымдар және құқық кафедрасының
 профессоры, заң ғылымдарының докторы**



Handwritten signature of Alikbek Saylaubek Tyныshbekovich

Алибеков Сайлаубек Тынышбекович